

Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорымен ынтымақтастығының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 мамырдағы N 790 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ұлттық валютадағы 247500000 (екі жүз қырық жеті миллион бес жүз мың) СДР (арнайы қарыз алу құқығы) барабар сомаға Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорының жарғылық капиталына жазылуы есебіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған 1995 жылғы 27 ақпандағы N 1 қазынашылық Вексельді қ а й т а р ы п а л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі осы қаулының 1-тармағында көрсетілген қазынашылық Вексельді қайтарып алған күннен бастап екі ай мерзімде ұлттық валютадағы 247500000 (екі жүз қырық жеті миллион бес жүз мың) СДР (қарыз алудың арнайы құқықтары) барабар сомаға Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорының жарғылық капиталына жазылуы есебіне Қазақстан Республикасының атынан вексель шығаруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов